



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Жапония Қытайға қарағанда «жұмсақ күш» саястын белсенді іске асыруда. Алайда, біздің еліміз жайлы айтқанда Қытай басым екені сөзсіз. Себебі, Қытай бізге көрші мемлекет. Ал, Жапония болса аралдық мемлекет. Алайда, жапондық құндылықтар аса жоғары деңгейде тұр дегенді мойындаған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сүлейменов Т.С., Сомжүрек Б.Ж., Елмырзаева Р.С. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. – Алматы: Экономика, 2012. – 468 б.
 2. Сыроежкин К. Қытай және Қазақстан: аңыз-үрейлер мен шындық [Электронды ресурс]: «Капитал» іскерлік ақпарат орталығының ресми сайты. Қолжетімділік режімі: <https://kapital.kz/expert/39499/ytaj-zh-ne-aza-stand-a-yz-rejler-men-shyndy.html>.
 3. Смайыл А. Елбасы сөзі дәулетті азаматтарға мол мүмкіндік ашып беріп отыр [Электронды ресурс]: «Егемен Қазақстан» Республикалық газетінің ресми сайты. Қолжетімділік режімі: <https://www.egemen.kz/2015/12/11/10928.html>.
 4. Амангелді Ә. Қытайдың «жұмсақ күш» саясаты [Электронды ресурс]: «Алматы ақшамы» қоғамдық-саяси газетінің ресми сайты. Қолжетімділік режімі: <http://almaty-akshamy.kz/2016/08/03.html>.
 5. Токаев К.К. Под стягом независимости: Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы, 1997. – 312 б.
 6. Еділқызы Л. Назарбаев: Жапонияда оқитын Қазақстан жастарының санын арттырамыз [Электронды ресурс]: «Егемен Қазақстан» Республикалық газетінің ресми сайты. Қолжетімділік режімі: <https://www.egemen.kz/2016/11/08/72360.html>.
 7. Кавабата И. Тамырымызда да, тағдырымызда да ұқсастық бар [Электронды ресурс]: «Егемен Қазақстан» Республикалық газетінің ресми сайты. Қолжетімділік режімі: <https://www.egemen.kz/2017/01/26/95673.html>.
- УДК 323.3

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ, БАСЫМДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Атаева Тогжан Тасболатқызы

Jan_92.17@mail.ru

Л.Н.Гумилев ЕҰУ, Аймақтану кафедрасының оқытушысы,
Астана, Қазақстан

Орталық Азия мемлекеттері ішінде саясаты өзгеріске ұшырып, болашаққа нық қадамдар жасап, жаңа бастамалар мен жоспарлар құрып келе жатқан Өзбекстан мемлекеті тамыры тереңде жатқан көпұлтты республика. Өзбекстан мемлекетінде 120-дан астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері тұрады. Ал әкімшілігі жағынан бір автономиялық республикаға (Қарақалпақстан) және 12 облысқа бөлінеді. Қазақстан, Түркіменстан, Қызғызстан, Тәжікістан және Ауғанстанмен шектесіп жатқан бұл мемлекет табиғи ресурстарға бай болып табылады. Атап айтатын болсақ, барлық Орта Азиядағы газ конденсатының 74%-ы осы елдің үлесіне тиеді. Алтын қоры жөнінен ол әлемде 4, жез қоры жөнінен 11, уран қоры бойынша 7 – 8-орынды иеленеді. Бүгінгі таңда Өзбекстанның халқы күннен күнге артып келуде. Бүгінгі таңда өзбектер ел халқының 3/4 бөлігін құрайды. Олардан басқа ресми мәлімет бойынша орыстардың үлесі 7,4% тәжіктердің үлесі 4,7%, қазақтардың үлесі 4,1%.

Негізгінен алсақ, Өзбекстан жедел дамып келе жатқан ел. Оны біз мына белгілерден байқасар болады. Біріншіден, халық саны көп мемлекет. Қазіргі статистикаға сүйенетін болсақ 31 миллион халық бар. Енді 15-20 жылда 40 миллион адамға жетіп қалуы ғажап емес. Ал бұл көрсеткіш көп салаға оң әсер береді. Екіншіден, ауыл шаруашылығы қарқынды дамуда. Ел өз экономикасын өзі қамтамасыз ете алатындай мүмкіндігі бар. Үшіншіден,

Өзбекстан халқы негізгі кәсіп салаларына бейім. Сыртқа шығаратын еңбек күштерінің бәрі өзіне сай маманданған. Төртіншіден, елде осыған дейін жұмыс істеп тұрған өнеркәсіп орындары бар. Бесіншіден, ел экономикасы мен валютасы халықаралық жүйеге бағынбайды. Өзбекстан 25 жыл бойы жабық саясат ұстанып келді. Осы және өзге де артықшылықтары Өзбекстанның алдағы уақытта жедел дамуына ықпал ете алады [1].

2016 жылдың соңы мен 2017 жылдың басында Орталық Азия елдерінің бірі Өзбекстан Республикасының даму барысында елеулі оқиғалар орын алды. 2016 жылғы 5 желтоқсанда Өзбекстан халқы елдің жаңа президенті етіп Шавкат Мирзиёевты сайлады. Соңғы айларда біздер куә болған ірі өзгерістерге Өзбекстан мысалында баға берер болсақ, аймақтың жаңа кезеңге аяқ басқанын байқауға болады. Өзбекстанның жаңа көшбасшысы Шавкат Мирзиёевтің президент болған күннен бері басты назарды осы елге аударып, аталған елдердің экономикалық және мәдени интеграциясын нығайтуға бағытталған шешімдер қабылдап, бірқатар шаралар атқаруы соның алғашқы көрінісі болды. Мәселен, әртүрлі себептермен 25 жыл жабық болып келген Ташкент – Душанбе әуе жолы қайтадан іске қосыла бастады, Тәжікстан – Өзбекстан темір жол желісін жандандыру үшін екіжақты жұмыстар жүргізу қолға алынды.

Ш.Мирзиёев қысқа уақытта мемлекет ауқымында жүзеге асырған шараларды бір шолып өтер болсақ, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда қабылданған шешімдер халықтың оң бағасына лайықты болып, іс жүзінде орындала бастағаны байқалады [2].

Елде билік ауысқан соң орын алған өзгерістер қатарына банк және несие жүйесін дамытуға қатысты үкімет қарарларының қабылданғандығын айтсақ болады. Толығырақ тоқталып кететін болсақ, несие пайызының төмендетілуі, жаңа жұмыс орындарының ашылуы, жалақылардың өсуі, кәсіпкерлер үшін несиелердің берілуі, студенттерге шәкіртақы тағайындалып, зейнеткерлер үшін жеңілдіктердің ойластырылуы осы аталған өзгерістердің айқын көрінісі. 2018 жылдың 1 сәуірінен бастап осы айтылған өзгерістер өз күшіне ене бастайды [3].

Өзбекстанда әлеуметтік және мәдени салаларда жүзеге асырылып жатқан шаралар алдағы кезеңдерде үлкен өзгерістердің болатындығынан хабар береді. Халықты баспанамен қамтамасыз ету, ғылым-білім салаларының дамуының жаңа белестерін қарастыру қолға алына бастады. Осы тұста Өзбекстан Республикасы президентінің «Ғылым академиясының қызметі, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, басқару мен қаржыландыруды дамытудың практикалық шаралары туралы» қарарының да шыққандығын айтып өткен жөн. Бұған қоса, 16 ақпан күні Президенттің жарлығына сәйкес ғылыми диссертацияларды қорғау және ғылыми дәрежелерді беру саласына жаңа заңдық өзгерістер енгізілді. Бұған сәйкес кейінгі жылдарда енгізілген PhD жүйесі өзгертіліп, оның орнына ұсынылған жаңа жүйе бастапқы докторантура (кез келген ғылым саласынан бастап, диссертацияның қорғалуы және философия докторы – PhD дәрежесінің берілуі) және докторантурадан (диссертацияның қорғалуы және ғылым докторы – Doctor of Science, ScD дәрежесінің берілуі) қабылданды. Қабылданған қарарға сәйкес PhD дәрежесі магистратура немесе толық жоғары білімге ие болып, диссертация қорғаған кісілерге беріледі. Ал Ғылым докторы (ScD) дәрежесі білім кандидаты немесе шет елдерде диссертация қорғаған және PhD дәрежесін иеленген ғалымдарға беріледі. Өзбекстан үкіметі ғылыми жолмен даму және өркендеу үшін көрші мемлекеттер мен білім жүйесі дамыған шет елдермен қатынастар құруды мақсат тұтып, бір-қатар шараларға дайындық жүргізуде. Білім-ғылым саласындағы осындай өзгерістердің орын алуы халыққа ағылшын тілін жетік меңгеру қажеттігін туындатуда. Осыған байланысты әртүрлі шаралар жүзеге асыру жоспарлануда.

Сонымен қатар шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында 2016 жылғы 5 қазанда Шавкат Мирзиёев қол қойған «Кәсіпкерлікті жеделдетіп дамытуды, жеке меншікті жанжақты қорғау мен іскерлік ахуалды сапалы жақсартуды қамтамасыз ету жөніндегі қосымша жеңілдіктер туралы» Жарлығы бизнеске жаңа мүмкіндіктер ашады. Қазіргі күні Өзбекстанда үш еркін экономикалық аймақ әрекет етуде, олар инвесторларға бизнес жүргізу

үшін жеңілдіктер мен ерекше мүмкіндіктер ұсынып отыр. Олар — 2008 жылы Науаи облысында құрылған «Науаи» еркін экономикалық аймағы, 2012 жылы Ташкент облысында құрылған «Ангрен» арнайы индустриалдық аймағы және 2013 жылы Сырдария облысында құрылған «Жизак» арнайы индустриалдық аймағы .

Ресми мәліметтер бойынша, Өзбекстанда шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі 56,5 пайызға жеткен. Бұл салада ел халқының еңбек қамтылған 78 пайызы еңбек етеді. 2016 жылғы 1-қаңтардағы мәліметтерге сәйкес, Өзбекстанның шағын бизнесінде 10,178 млн адам еңбекпен қамтылған немесе экономикада еңбекпен қамтылған халықтың 77,9 пайызы [4].

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Ташкенттегі мемлекеттік сапары барысында екі ел президенттері кездесіп, 2018 жыл Өзбекстанның Қазақстандағы жылы деп жариялаймыз деген келісімге келді. Жалпы, көрші мемлекеттегі билік транзитінен соң елдің саяси-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы тыныс-тіршілігі біршама өзгерді. Өзбекстанның жуырда жариялаған жаңа қаржы валюталық тәртібі мен ашықтық саясаты осының дәлелі. Бұл процестерді барынша тездету үшін Өзбекстан іргедегі елдермен әріптестікті арттыруға мүдделі. Бірінші кезекте Қазақстанмен қарым-қатынасты жаңа деңгейге шығару. Себебі, Қазақстан - өңірдегі экономикасы дамыған, транзиттік әлеуеті үлкен ел. Сондықтан да, Қазақстан мен Өзбекстан президенттері екі ел үкіметтеріне алыс-беріс, сауда-саттық көлемін 2020 жылға дейін 5 миллиард АҚШ долларына жеткізуді тапсырды [5].

Өзбекстанның Орталық Азиядағы ықпалды мемлекет екенін айғақтайтын негізгі факторлар да жоқ емес:

- Өзбекстан – Роталық Азиядағы халқы ең көп мемлекет;
- Өзбекстан - Орталық азияның барлық мемлекеттерімен шекараласады. Аймақтың өзге елдерінде мұндай мүмкіндік жоқ;
- Өзбекстан – Қытай мен Ресей сияқты азулы елдерден Орталық Азияның өзге мемлекеттері арқылы қорғалған. Ресей ықпалы Қазақстан территориясы арқылы өтсе, Қытай ықпалы Қырғызстан мен Тәжікстан арқала жетеді;
- Өзбекстан – Орталық Азияның өзге мемлекеттерінің барлығында өзбек халқының өмір сүруімен геосаяси әлеуетке ие. Қазақстанның Оңтүстігінде, Қырғызстанның Батысы мен Оңтүстік-Батысында, Ауғанстанның Солтүстігінде, Тәжікстанның Солтүстігі мен Солтүстік-Батысында, Түсркіменстанның Шығысында жалпы шамасы 6 миллионға жуық өзбек халқы тұрады. Бұл Өзбекстанның аталмыш елдерге ықпал етуі жолындағы саяси құралы болып табылады[6, 166 б.].

Өзбекстан Республикасының жаңадан сайланған президенті осы аталған артықшылықтарды тиімді пайдала білуі қажет. Осы бағытта жұмыстар да атқарылып, қолға алу басталып кетті.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев 2018 жылды «Белсенді кәсіпкерлікті қолдау, инновациялық идеялар мен технологиялар» жылы деп жариялауы да осының дәлелі. Шавкат Мирзиёев халыққа арнаған жолдауында кәсіппен айналысамын деген азаматтарға қолдау көрсетіп, ел ішіндегі қаптаған патрульдік посттардың жабылуын талап етті. Сонымен қатар, құзырлы органдарға кәсіпкерлік субъектілерді шамадан тыс тексеруге тыйым салды. Мемлекеттік қызметкерлерді қағазбастылықтан арылуға шақырды. Енді бұрынғыдай мемлекеттік басқаруды орталықтандырмай, кадр мәселесі мен өңірдің дамуына әкімдер тікелей жауапты болмақ. Елдегі кәсіпкерліктің жандануына Еуропалық қайта құру және даму банкінің 15 жобаны қаржыландыруға несие бөлуі де оң ықпал етпек. Келер жылы халықаралық қаржылық ұйым мен өзбек елінің сауда өнеркәсіптік палатасы шағын және орта бизнесті дамыту бағытында қарқынды жұмыс істеуді жоспарлап отыр. Шавкат Мирзиёев жыл сайынғы дәстүрлі жолдауында Орталық Азия елдері арасында Қазақстан Еуроодаққа жол ашатын, стратегиялық серіктесі екенін ерекше атап өтті. Енді екі ел арасында логистикалық байланыс нығайып, теміржол мен көлік қатынасы да жақсы қолға алынбақ [7].

Өзбекстан Республикасы бүгінгі таңда әлем назарын өзіне аударып отырған

мемлекеттің бірі. Биліктің ауысуы елге жаңа мүмкіндіктер мен жаңа бастамаларға жол ашты десек те болады. Көршілес елдермен ара қатынасты реттеп, жаңа келісімдерге қол қойып, жаңашылдыққа ұмтылып, жаңа заңдар қабылдап, жаңа реформаларды қарастырып даму үстінде. Елдегі жұмыссыздықты реттеп, білім-ғылым саласын дамытып, тіпті елдегі бюджетті де тиімді қабылдауға қадамдар жасалынууда. Өзбекстан Республикасының кемшіліктері мен қатар артықшылықтары да жеткілікті. Елдің Ауғанстан мемлекетімен көршілес орналасуы елдегі террорлық әрекеттердің көбейіп кетуі мен нашақорлықтың белең алу қаупін туғызатыны жасырын емес. Осы жағынан да Өзбекстан шаралар қолданып, алдын алуға барынша тырысып бағуда. Дін мен биліктің араласып кетпеуі үшін де іс әрекеттер жасалынып, жан-жақты сақтық шаралары орнатылууда.

Қорытындылай келе айтарым, Өзбекстан мемлекеті өз артықшылықтарын дұрыс бағытта қолдана білсе алар асулары көп болары белгілі. Қазба байлықтарын дұрыс игеріп, халықтың сауаттылық деңгейін көтеріп, жұмыспен қамту шараларын іске асырса Орталық Азиядағы көшбасшы елдің бірі әрі бірегейі болу мүмкіндігі жоғары.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Өзбекстанның Орта Азиядағы озық ел болуға мүмкіндігі көп <http://qazaqtimes.com/article/1500>
2. Өзбекстан үшін жаңа өзгерістердің маңызы жоғары <https://egemen.kz/article/ozbekstan-ushin-zhana-ozgeristerdin-manyzy-zhogary>
3. Shavkat Mirziyoyev “Bank xizmatlari ommabopligini oshirish bo‘yicha qo‘shimcha chora-tadbirlar to‘g‘ <http://yangiliklar.net/shavkat-mirziyoyev-bank-xizmatlari-ommabopligini-oshirish-bo-yicha-qo-shimcha-chora-tadbirlar-to-g-uz-yangiliklar>
4. Каримовтан кейін Өзбекстан экономикасы қалай өзгерді <https://naryk.kz/>
5. 2018 жылы Өзбекстанның Қазақстандағы жылы өтеді <http://kaztrk.kz/news/sayasat/2018-zhyly-ozbekstannyn-qazaqstandagy-zhyly-otedi-102402>
6. С.Есіркепов Орталық Азия және Қытай: заманауи геосаясат пен стратегиялық мүмкіндіктер, Астана 2012, 238 б.
7. Өзбекстанда Кәсіпкерлікті Қолдау Жылы http://kazakh-tv.kz/kz/view/world_news/page_189868_

УДК 327 (055)

ШЫҒЫС АЗИЯНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ «АМЕРИКАНДЫҚ ФАКТОР»

Байгожина Айткуль Аскаровна

nurmanova-aitkul@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –П.Қ. Қилыбаева

Вашингтонның Америкадан тыс аймақтарда жүргізе бастаған саясаты АҚШ-тың экономикалық қуат жинап, әскери-теңіз күшін құрғаннан кейін ғана мүмкін болды. Алғашқы кездерде АҚШ әскери-теңіз флотының күші тек даму жағынан артта қалған отар елдерге ғана жетті. Вашингтонның Америкадан тыс, алғашқы экспансиясы Қиыр Шығыстағы - Корея мен Қытайға бағытталды. Бұл саясат тарихта «ашық есік» доктринасы деген атпен белгілі. «Ашық есік» доктринасы АҚШ мемлекеттік хатшысы Джон Хейдің 1899 және 1900 жж. ірі державалар - Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Жапония және Ресей үкіметтеріне жіберген ноталарының мазмұнынан туындап, Қытайда бірдей экономикалық мүмкіндіктер принципін орнатуға шақырды. АҚШ-тың іскер топтарын бірінші кезекте Қытайдың тұтынушы рыногы қызықтырды. АҚШ стратегтерінің есебі қарапайым еді. Олардың ойынша, егер 500 миллиондық Қытай рыногы АҚШ тауарын айына 1 АҚШ доллары